

ГУМАНИТАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТТІҢ ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕНГЕРУШІСІ

Alikhan Bokeikhan University гуманитарлық факультетінің орыс және шетел филологиясы кафедрасының меңгерушісі лауазымына конкурс жариялайды.

ТАЛАПТАР

Білімі: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, оның ішінде басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 1 жыл.

Соңғы 3 жылда білім беруде менеджмент бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттың болуы (кемінде 72 сағат көлемінде).

Білуі қажет: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары саласының ғылыми даму перспективаларын регламенттейтін Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі шетелдік білім беру мекемелерінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы жетістіктері мен озық тәжірибесінің болуы.

Жеке қасиеттер (soft skills): көшбасшылық қасиеттер, ізгі ниет, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби жауапкершілік, әлеуметтік жауапкершілік, менеджмент дағдыларын дамыту қабілеті, стратегиялық ойлау, сыни ойлау, икемділік, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті, көп тапсырма жағдайында жұмыс істей білу, Төзімділік, тұрақтылық.

ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ

Жұмыс уақыты: 5 күндік жұмыс аптасы

Жұмыс кестесі: 9.00- 18.00

Еңбекақы төлеу жүйесі: ай сайынғы

Сыйлықақы беру жүйесі: KPI

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар 2025 жылғы 01 тамызға дейін қабылданады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға құжаттарды қолма-қол немесе пошта арқылы ұсынады (071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 11). Сканерлік нұсқадағы құжаттар «конкурсқа қатысу үшін» деген белгісі бар d.razieva@abu.edu.kz электрондық пошта арқылы қосымша жіберіледі.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

Университеттің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- Университет Президентінің атына өтініш;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- автобиография;
- жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжаттар;
- соңғы 3 жылдағы қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса);
- жұмыс орны (қолданыстағы не соңғысы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
- құжаттарды ұсынған күнге дейін кемінде алты ай бұрын берілген № 075 нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика комитеті беретін

есепке алу және арнайы есепке алу бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

- конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы наркологиялық ұйымнан анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

- психоневрологиялық ұйымнан конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

- дербес деректерді өңдеуге келісім.

Университеттің қызметкерлері болып табылатын тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- Университет Президентінің атына өтініш;

- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;

- соңғы 3 жылдағы қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика комитеті беретін есепке алу және арнайы есепке алу бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтаманы;

- конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы наркологиялық ұйымнан анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

- психоневрологиялық ұйымнан конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

- дербес деректерді өңдеуге келісім.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т. б. беруге құқылы.

Өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) құжаттарды тапсыру мерзімін бұзу;

2) біліктілік және конкурстық талаптарға сәйкес келмеуі.

Конкурсқа қатысуға келесі тұлғаларға рұқсат етілмейді:

1) заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес педагог ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық және мінез-құлық бұзылыстары (аурулары), оның ішінде психикалық белсенді заттарды қолданумен байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрғандар;

4) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ;

5) қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін: кісі өлтіру, денсаулығына қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) соттылығы болған немесе бар адамдар (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін қылмыстық жауаптылықта болған адамдар;

6) ҚР уәкілетті органы бекіткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін;

7) қолданылу мерзімі өтпеген тәртіптік жазасы бар.

КАНДИДАТТЫ БАҒАЛАУ

Үміткермен әңгімелесу үміткер қызметінің қорытындыларын талдамалық қорыту және факультеттің стратегиялық даму жоспарын таныстыру негізінде жүргізіледі.